

ПІРДІҢ СОҢЫ – БЕКЕТ

Хисмет Бозжанұлы Табылдиев,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, академик,
Атырау қаласы.*

Жем бойы жеті жұрт жайлаған ежелгі аталардың құт қонысы. Осындағы Ақкиізтоғай ауылының «Ақмешіт» аталатын қасиетті мүйісінде 1750 жылы көріпкер әулие, айтқаны айнымай келетін сәуегей, жаужүрек батыр, ізгі жүректі Бекет Ата Мырзағұлұлы дүниеге келген.

Мен Ақмешітте болғанымда әулиениң өз әкесі Мырзағұлдың, Мырзағұлдың әкесі Жаналының, шешесі Жәнияның замана желіне төтеп берген құлпытастарын мұқият оқып, зерттеуіме тура келді. Қосқұлақтың тоғызыншы ұрпағы саналатын Ислам Мырзабекұлының сөзін тарих деректерімен, жылдар жылнамасымен және рулар шежіресімен қайта бір салыстырып шықтым.

Бекет Атаны 1750 жылы дүниеге келіп, 1813 жылы дүниеден өтті деу біздің қолымыздағы археологиялық тарих топтамасына сай келеді. Атаға байланысты аңыз бен ақиқатта айтылатын тұлғалар, мысалы Есет батыр, Назар қожа, ұстазы Бақыржан қажыдан дәріс алған деседі. Біз көп ізденіп, ұзақ зерттеу нәтижесінде Бақыржан қажы туралы деректерді де таба бастадық.

XIII ғасырдың бас кезінде Хорезм мемлекеті кеңінен танылды. Бұл кезде бүкіл Орта Азия хандықтары, атап айтқанда, Бұхара, Самарқанд, Ташкент, Ферғана, Мерв (Мары), Газна, Хамадан сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігі түгелдей дерлік Хорезм мемлекетінің қарамағында блған еді. Хиуа мен Үргеніште де ондаған медреселер болды, оларда тек Орта Азия мен Қазақстаннан ғана емес, сонымен бірге Үндістаннан, Пәкістаннан, Ауғанстаннан, Иран мен Ирактан және басқа да көптеген араб, түркі елдерінен шәкірттер келіп оқитын-ды.

Сондай-ақ білікті ғалымдар Хиуа мен Үргенішке ағылып келіп жататын. Олардың ішінде көптеген астрономдар, физиктер, географтар, химиктер, биологтар, дәрігерлер, ақындар мен абыз-қажылар болды. Солардың біразы

Хиуада тұрып қызмет істеді. Бұл дәстүр ХХ ғасырға дейін үзілген жоқ. Бекет Атаның да Хиуада боғанын, Бақыржан ғұламадан сабақ алғанын архив мұрағаттары растайды.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ежелгі мәдени мұраларын зерттеу ісі ХХ ғасырдың екінші жартысында-ақ басталған болатын. Прогрессивтік бағыттағы орыс ғалымдары Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын зерттеуге, оларды ғылыми негізде бағалауға ерекше көңіл бөлді.

Мысалы, В.Радлов, Б.Григорьев, К.Иностранцев және басқа орыстың шығысты зерттеуші ғалымдары, Орта Азияның ежелгі тарихы туралы жазылған ескі араб, парсы, қытай, армян тілдеріндегі әдебиеттерді тауып зерттеді.

Мұндай деректерді өткен ғасырда Үстіртті зерттеген орыс ғалымдары да ғылыми қолжазба еңбектерінде келтіріп отырған. 1820-1821 жылдары Маңғыстау өлкесін аралаған Э.Эверсман мен А.Дюгамель және 1853 жылғы Алексеев экспедициясы көп анықтама берді.

Кеңес дәуірі кезінде пайғамбарлар мен әулиелердің атын атауға тыйым салынғаны белгілі. Осындай зобалаң шақта Бекет Атаның ұрпақтары, оның ұстап тұтынған мүліктерін, құран кітаптарын аттың жалында, атаның қомында сақтауға мәжбүр болды. Терең шыңырау құдықтарға киізбен орап аманатқа қалдырған дүниелер қаншама?!

Ал, ауыздан-ауызға тараған аңыздардың өзі имандылыққа ұюдың бастау бұлағы тәрізді. Осы қайнардан қанып ішкен ұрпақ қана санасы сауығып, салауатты ғұмыр кешудің жолына түспек.

1993, 1999 жылдары дін өкілі И.Мырзабекұлының, 1994 жылы ғалым Қ.Сыдиықұлының, 1998 жылы ақын А.Ершуовтың аруақты Бекет ата туралы жәдігер кітаптары жарық көрді. Қолдарыңызға енді тигелі отырған осы көлемді кітап Бекет Ата және ол кісі тарайтын Қосқұлақ руының осы қалай деген ұрпақтары туралы ел аузынан жинаған жаңа деректі дүниелермен толықтырылып отыр. Шөпке түскен инені іздегендей, автор оған көп қажыр-қайратын жұмсап, біраз тер төкті. ТМД елдерін, бүкіл Орта Азияны бірнеше рет аралап, соны деректердің соңынан із кесті.

Мен ғылым иесі болғандықтан әр нәрсенің басын ашып алғанды жөн көремін. Көмескі, шала дүниелер шарифатқа да, қоғамға да абырой әпермейді. Осы кітапқа еніп отырған жазбаларды ақыл таразысына салып, ой елегінен

өткізіп, сөйтіп Бекет Атаның ұлы тұлғасына қылаудай қиянат, күпірлік түсірмеуді ойладым. Ежелгі араб әдебиеті, көне қазақ тарихы мен шежірелерді сан қайтара қарап шығып, заман, дін төңірегіне ден қойдым.

Дін де алып дінгек. Сол дінгектің бір бұтағы – Бекет Мырзағұлұлы Қазақстанның батыс өлкесіндегі Маңғыстау түбегінде, Атырау аймағында XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген.

Адай руынан шыққан, табиғат ерекше жаратқан жан. Ол кереметімен қол бастаған батыр, от ауызды, орақ тілді шешен-би, ежелгі өнерді дамытқан сәулетші шебер, алдындағыны болжағыш, қысылғанды жебеген сәуегей абыз, ұлағатты ұстаз, аузы дуалы ғұлама.

«Ердің соңы – Есет, Пірдің соңы – Бекет», «Қазақ қорықса Бекет дейді, Бекет те айтқандарын екі етпейді» деген қанатты сөздердің өзінен Ата тұлғасын анық аңғаруға болады.

«Бекет Ата» кітабын баспаға әзірлеуде биік талап тұрғысынан қарадым. Кейбір шындықтан шалғайлау деген дүдәмал тұстарын алып тастадым. Сөйтіп сан сұрыптаумен талдаудан өткен бұл кітап қолдарыңызға тиіп отыр. Егер сіздің көңіліңізден шығып жатса, мың сан парыздың бірі өтелгені. Имандылыққа бет бұрған нақ осынау шақта Бекет Ата аруағы халқымызды желеп жебей берсін!

В статье автор подробно описывает историю создания книги о Бекет ата, особое внимание уделяя на роль в данном процессе нарративных источников, данных научных экспедиций, направленных в Мангистау и трудов русских востоковедов.

In this article the author explains thoroughly history of creation of the book about Beket Ata paying special attention to the role of narrative sources, scientific expeditions which aimed at Mangystau and Works of Russian scientists.